

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛҚЫНЫҢ ТАБЫСТАРЫ – ӨМІР СҮРУ ДЕҢГЕЙІН БАҒАЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ ӨЛШЕМІ РЕТІНДЕ

Қапезова А.Е

akhapez@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші – А.М. Бакирбекова

Аннотация: Бұл мақалада Қазақстан Республикасы халқының табыстары оның өмір сүру деңгейін бағалаудың негізгі өлшемі ретінде негізделіп, халықтың ақшалай табысының құрылымында халыққа қандай табыс көзі маңызды болып табылатындығы туралы түсінік беріліп, халық табысының мәнін анықтауға арналған әр түрлі теориялық тәсілдерді анықтап, қорытындылайды. 2014-2018 жылдар үшін халықтың ақшалай табыстарындағы өзгеріс динамикасы қарастырылады. Сондай-ақ халықтың ақшалай табыстары құрылымындағы өзгеріс – халықтың табыстары бойынша саралануын күшейтуге немесе керісінше, әлсіреуіне ықпал ететін факторлардың бірі бола алатындығы негізделген. Халықтың кіріс функциялары қарастырылып, олардың Қазақстандағы қалыптасу ерекшеліктері анықталды. Табыстың негізгі элементтері – еңбекақы, зейнетақы, шәкіртақы, жәрдемақы т.б. сияқты әлеуметтік төлемдердің күнкөріс минимумына қатынасы анықталады. Халықтың ақшалай табыстары құрылымындағы өзгеріс халықтың табыстары бойынша саралануын күшейтуге немесе керісінше, әлсіреуіне ықпал ететін факторлардың бірі.

Кілт сөздер: табыстар, халық, халықтың өмір сүру деңгейі, орташа айлық еңбекақы, ең төменгі күнкөріс деңгейі.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында атап өткендей: «Біз қазақстандықтардың ел болашағының тұтқасын нық ұстауы үшін «Қазақстан-2050» Стратегиясын қабылдадық. 2050 Стратегиясы айқын шамшырақ секілді басты мақсатымыздан көз жазбай, азаматтарымыздың күнделікті тіршілігінің мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. Бұл біздің 30-50 жылда емес, жыл сайын халық тұрмысын жақсартатынымызды білдіреді.» [1]. Өмір сүру деңгейі экономиканың даму қарқынын, тұтыну көлемін, халықтың материалдық, рухани және әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесін, халықтың тұтыну тауарларымен қамтамасыз етуін объективті сипаттайды. Қанағаттану деңгейі – өмір сүру деңгейінің ажырамас бөлігі болып табылатын адамның қажеттіліктерінің кейбір түрлері, әдетте өмір сүру деңгейінің құрамдас бөлігі ретінде анықталады (мысалы, тамақтану, денсаулық, білім және т.б.). Олардың әрқайсысы белгілі бір кезеңде тиісті салада қажеттіліктерді қанағаттандыруға қатысты деректерді қамтиды.

Тұрмыс деңгейінің сандық және сапалық көрсеткіштері жүйесі:


- 1) материалдық тауарлар мен қызметтердің жалпы тұтынылуы, тамақ өнімдерін тұтыну деңгейі, азық-түліктік емес тауарлар мен қызметтер;
- 2) халықтың нақты табысы, еңбекақысы, басқа көздерден алынатын табыстар;
- 3) еңбек жағдайлары, жұмыс уақыты және бос уақыт;

4) тұрғын үй жағдайы;

5) білім беру, денсаулық сақтау және т.б. сапасы мен қол жетімділігінің көрсеткіштерін қамтиды.

Халықтың ақшалай табыстары қызметкерлердің еңбекақсын, әлеуметтік жәрдемақыларды - зейнетақы, стипендияларды, сақтандыру төлемдерін және басқа да төлемдерді, кәсіпкерлік табысты, депозиттер бойынша, бағалы қағаздар, дивидендтер, басқа да кірістер бойынша сыйақы түрінде мүлктік кірістерді қамтиды. Нақты ақшалай түсетін ақшалай кірістер белгілі бір уақыт кезеңінде белгіленген номиналды мөлшердің индексін тұтыну бағаларының индексі бойынша бір уақыт кезеңіне бөлу арқылы анықталады. Бір реттік ақшалай табыс міндетті төлемдер мен жарналар есептен шығарылған ақшалай табысты қамтиды [2].

Қазақстанда 2018 жылы еңбек қызметінен түскен табыс халықтың табыстары құрылымындағы ең үлкен үлесті алып 75,7%, сонымен қатар, жалдамалы жұмыстан түскен табыс 65,1%, өз бетінше жұмыспен қамтылудан және кәсіпкерлік қызметтен түскен табыс 10,6%, зейнетақы 16,8%, жәрдемақы 2,7%, АӘК және тұрғын үйлік көмек 0,0%, стипендиялар 0,4%, меншіктен түскен табыс 0,5%, туыстарынан материалдық көмек, алименттер және өзге де табыстар 3,9% құрады (сурет 1).



Сурет 1 2018 жылдағы ҚР халқы табысының құрылымы

Ескерту – [3] мәліметтері негізінде автормен құрастырылды ¹

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты» жүргізген зерттеуге сәйкес, Мемлекет халқының 56,7%-нда табыстың негізгі көзі болып еңбекақы табылады, ал 8,9%-ы мезгіл-мезгіл қосымша табыс табатын, ал 3,4%-да тұрақты қосымша табысы бар адамдар. Табыс көздерінің 8,3%-ы жеке кәсіпкерліктен түскен табыс. Респонденттердің 11%-да кездейсоқ табысы бар (сурет 2).


Респонденттердің 35,8%-ы үй шаруашылықтарының табыс көздерінің бірі өздерінің жеке тұтынуына арналған өнім шығаратын жеке қосалқы шаруашылық екендігін көрсетті.

Респонденттердің тек 1,1%-ы табыс көзі ретінде мүлктен түскен табыстың есебінен, салымдар мен депозиттер бойынша пайыз есебінен – 1,2%, жылжымайтын мүлктен түсетін табыс есебінен – 2,2% көрсеткен.

Егер Қазақстан халқының ақшалай табыстарының құрылымын динамикада қарастырсақ, онда 2014-2018 жж. мұнда елеулі өзгерістер болған жоқ. Бесжылдық кезеңде

¹ <http://Stat.gov.kz/> – Зерттелетін үй шаруашылықтарының ақшалай табыстарының құрылымы (тоқсандық деректер)


еңбек табыстарының үлесі 2014 жылы 81,2 % -дан 2018 жылы 75,7% -ға дейін төмендеді және сол қалыпты деңгейді ұстап отыр.



Сурет 2 Респоненттердің «Қандай қаражат есебінен күн көресіздер?» деген сұраққа жауап беруі

Ескерту – [4] мәліметтері негізінде автормен құрастырылды

Сонымен бірге, 2018 жылы әлеуметтік трансферттердің үлесі 2014 жылмен салыстырғанда 4,8%-ға өсіп, 19,9% құрады, басқа да ақшалай түсімдер 0,7%-ға артып, 4,4%-ды құрады (сурет 3).



Сурет 3 ҚР халқы табысы құрылымының 2014-2018 жылдар аралығындағы өзгерістері

Ескерту: [5] мәліметтері негізінде автормен құрастырылды²

Халықтың табыстары құрылымында жалдамалы жұмыс есебінен түсетін табыстары үлесі 2014 жылы 70,1%-дан 2018 жылы 65,1%-ға төмендеген болатын. Осылайша, жалданып жұмыс істейтін қызметкерлерге сыйақы төлеу әл-ауқатқа жетудің негізгі көзі болып табылу үлесі азайып, өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың саны артуда.

Халықтың табыстары құрылымындағы меншіктен түсетін табыстың үлесі және кәсіпкерлік қызметтен түскен табыс үлесінің мәні өте маңызды. Соңғы жылдарда Қазақстанда байқалған шағын кәсіпкерлік ауқымын кеңейту, қаржы инфрақұрылымын дамыту меншік пен кәсіпкерліктен түскен табыстың өсуін ынталандыруы тиіс, ал ақшалай табыстар құрылымында осы табыстардың үлесі өсуі тиіс.

Алайда, Қазақстанда меншіктен түсетін табыстың үлесі төмен болып келеді: 2014 жылдан 2015 жылға дейін, ол 0,3% -ды құрап, 2016 жылы 0,1% -ға өсіп, қазіргі таңға дейін

² <http://Stat.gov.kz/> – Қазақстан Республикасындағы халықтың тұрмыс деңгейін мониторингілей (электрондық кестелер). 2018 жылдың IV тоқсаны.


0,4%-ды көрсетіп отыр. 2014 жылдан бастап 2018 жылға дейінгі кезеңде өзін-өзі жұмыспен қамту және кәсіпкерлік қызметтен түскен табыс үлесі тұрақты төмендеу үрдісіне ие болды (сурет 4).

Жалпы табыстағы әлеуметтік трансферттердің үлесі айтарлықтай өзгерген жоқ және 2018 жылы 19,9% құрады, яғни халықтың ақшалай табыстарының негізгі компоненттері: жұмысынан түскен табыс, әлеуметтік аударымдар 2014 жылдан 2018 жылға дейін тең мөлшерде өсті, сол себептен, айтарлықтай құрылымдық қайта бөлу болған жоқ.

Халықтың өмір сүру деңгейінің көрсеткіштерінен ең ақпараттандыратын индикатор «жан басына шаққандағы орташа табыстың сатып алу қабілеттілігі» болып табылады. Табыстардың сатып алу қабілетінің өсуі халықтың кедей халқының үлесін азайтуға әсер етеді.

Қазақстанда 2014-2018 жылдарға арналған табыстардың сатып алу қабілеті (тұтынылған табыстың орташа мөлшері, зейнетақы, жәрдемақы) екі күнкөріс минимумынан аспады. Қаралып отырған кезеңдегі ақшалай табыстардың құрылымы еңбек қызметінен түскен табыс үлесінің белгілі бір ұлғаюына қарай өзгерді. Бірақ мүлдіктік табыс әлі де халықтың ақшалай табыстары құрылымында шағын үлеске ие (2018 жылы – 0,4%), бұл үй шаруашылығының кішкентай бөлігі ғана үй шаруашылығына табыс әкеле алатын кез-келген меншікке ие екенін көрсетеді.

Халықтың өмір сүру деңгейін зерттеу халықтың табыс топтарының біркелкілігі мен қазіргі теңсіздігін ескеруі тиіс. Қазақстан статистика бойынша орташа теңсіздіктегі елдер санатына жатады – 2017 жылы децильдік топтарға арналған Джини индексі 0,2878 болды. Соңғы бесжылдықта бұл үрдіс бірқалыпты деңгейде сақталып отыр, бірақ 0.25-0.26 индексінің оңтайлы мәні әлі қол жеткізілмеді. Осылайша, бүгінгі таңда Қазақстан халқының табыстарын бөлу тетігінің біртектілігі жеткіліксіз және тиімсіз болып табылады.



Сурет 4 2014-2018 жылдар аралығындағы ҚР халқының өзін-өзі жұмыспен қамтудан және кәсіпкерліктен түскен табысының динамикасы

Ескерту: [5] мәліметтері негізінде автормен құрастырылды

Аталған мәселер бойынша келесідей нәтижелер мен ұсыныстар қарастырылады:

1. Халықтың өмір сүру деңгейінің негізгі әлеуметтік стандарттарын есептеу әдістемесін, күнкөріс минимумы және әлеуметтік көмек көрсету үшін пайдаланылатын «кедейлік шегін» қайта қарау. Себебі барабар «әлеуметтік стандарттар» әлеуметтік қолдау көрсету кезінде дұрыс шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Орташа номиналды еңбекақыдан ең төменгі күнкөріс деңгейін 0,19-дан 0,30-ға дейін жеткізу, мысалы, Ресейде және Белоруссияда (0,35).

2. Әлеуметтік қолдау бағдарламалары жергілікті еңбек нарығына қажетті еңбек және бейімделу дағдыларын игеруге, оның ішінде кәсіпкерлікті ынталандыруға, сату нарықтарының ұйымдастырылуына көмектесуге бағытталуы керек.

3. Мұқтаж адамдар мәртебесін анықтауда жұртшылықты тартуға, сертификаттарды немесе басқа құжаттарды жинау түріндегі әкімшілік тосқауылдарды,

көлік шығындарын қажет етуді, жеке қосалқы шаруашылықтан түскен табыстарды бағалау стандарттарын төмендету жолымен әлеуметтік қолдау көрсетуді арттыруға жәрдемдесу.

4. Бағдарламаларды дамыту үшін кедейлік көрсеткіштерінің (мысалы, кедейшілік деңгейі немесе кедейлердің үлесі) мақсатты топқа (өте кедей немесе табысы төмен) байланысты неғұрлым икемді болуы керек.

5. Қазіргі уақытта АӘК өнім кедейшілігін еңсеруге бағытталған және оның ықпалы 0,09% деңгейінде анықталғанын есте ұстау керек, сондықтан оның әлеуетін арттыру үшін ең төменгі күнкөріс деңгейін пайдалану қажет

6. Әлеуметтік қолдау жүйесі кедейлер тобына кіруді емес, кедейлер категориясынан шығуды және оған ілікпеуді ынталандыруы керек, сондықтан белгілі бір уақыт ішінде жұмыс тауып, жұмыс орнында жұмыс істейтін жұмыссыздарды барынша қолдау қажет.

7. Әлеуметтік қызметтерді көрсетудің барлық жүйесі қатал стандарттарға сәйкес және елеулі қоғамдық бақылауда жұмыс істеуі керек.

8. Теңдестіру теңсіздігін тұтыну бойынша ғана емес, сонмен қатар жан басына шаққандағы ақшалай табыстар бойынша да өлшеген дұрыс, ал үй шаруашылықтарын іріктеп зерттеудің нәтижелері үй шаруашылықтарының макроэкономикалық көрсеткіштерін ескере отырып түзетілуі керек.

9. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың кәсіпкерлік белсенділігін ынталандыру, Қазақстанда жұмыс істейтіндердің 22,2% -ын құрайтын өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың халықтың табысындағы үлесін 9,6% -дан 20% -ға дейін арттыру.

10. Ең төменгі еңбекақы мен ең төменгі зейнетақы кедейлік деңгейіне қатты әсер еткендіктен, бұл механизмді кедейлікті азайтудың бір құралы ретінде пайдалану ұсынылады.

Қорытындылай келе, кіріс көзі бойынша табыс және оның ішіндегі еңбекақы құрылымы халықтың әл-ауқатын қалыптастыру үдерісінің маңызды сипаттамасы болып табылады. Халықтың ақшалай табысының құрылымы халыққа қандай табыс көзі маңызды болып табылатындығы туралы түсінік береді. Халықтың ақшалай табыстары құрылымындағы өзгеріс халықтың табыстары бойынша саралануын күшейтуге немесе керісінше, әлсіреуіне ықпал ететін факторлардың бірі.

Әдебиеттер тізімі

1 «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты ҚР Президентінің Жолдауы, 2014 жыл 17 қаңтар

2 Игнатова Т.В., Мушенко И.Г. Государственные финансы в системе регулирования общественного сектора. - Ростов н/Д: Изд-во СКАГС, 2004;

3 <http://Stat.gov.kz/> – Зерттелетін үй шаруашылықтарының ақшалай табыстарының құрылымы (тоқсандық деректер)

4 Пост благосостояния казахстанцев: повышение доходов и качества жизни <http://kisi.kz/index.php/ru/biblioteka/zhurnaly>, 2018г.

5 <http://Stat.gov.kz/> – Қазақстан Республикасындағы халықтың тұрмыс деңгейін мониторингілей (электрондық кестелер). 2018 жылдың IV тоқсаны.